



*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары*

Құрметті Нұрсан Әлімбайұлы!

Сіздің халқымыздың інжу маржандарын теріп – ұлы Абай тілін түп-нұсқасымен жеткізу, ұлтымыздың ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесін таңбалау, Ұлы даланың тарихи-мәдени келбеті туралы ақпаратты әлемге тарату бағытында атқарып жатқан игілікті бастамаларыңыз бен ерен еңбегіңіз үшін алғыс айтамын.

Халқымызда «Ер – елінің қорғаны» деген аталы сөз бар.

Елімізді өркендету жолында атқарып жатқан баға жетпес қызметтеріңіз халқымызды, болашағымызды қорғауға арналғаны сөзсіз.

Сондықтан, қайратты, мақсатты, Отанға адал, елге қайырымды, жастарға мейірімді, еңбегін елге арнаған азамат ретінде Сізге табыс, отбасыңызға амандық, деніңізге саулық, бақытты және бейбіт ғұмыр тілеймін.

**Құрметпен,
Ералы Тоғжанов**